




ЗАҢ КЕҢЕСТЕРІ

N&P Назханов
және Серіктестері



СҰРАҚ №126:

Менде адвокаттардың жауапкершілігі туралы сұрағым бар. Олар істі жүргізуге келісіп, 50-100% алдын ала төлем алады, бірақ іс әдетте жылдарға созылып кетеді. Бәрі анық және түсінікті, тек біздің құқық қорғау органдарының жүйесімен жақсы жұмыс жасап, табандылық таныту керек. Кейін, адвокаттар істің созылып кеткенін көріп, бас тартады. Оларда істі жүргізуге келіскені және ақшаны алғаны туралы құжаттар мен қолхаттар жоқ. Мұндай «адвокаттармен» не істеу керек?



ЖАУАП:

Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет туралы» Заңына сәйкес, адвокат пен білікті заң көмегін алу үшін жүгінген азамат арасындағы қарым-қатынастар олардың арасындағы жазбаша келісіммен реттеледі. Бұл келісімде заң көмегінің ақысы және адвокат қорғау мен өкілдік етуге байланысты орындайтын қызмет түрлері көрсетіледі.

Адвокат заң көмегін көрсету барысында тиянақтылық пен ыждағаттылық танытуы, үлкен күш-жігер мен уақыт шығынын талап ететін қажетті әрекеттерден жалтармауы, істі негізсіз созуға жол бермеуі, өзіне жүгінген адамның мүдделеріне адал болып, оның мүдделеріне қайшы әрекеттер жасамауы тиіс.

Адвокаттың әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне қатысты шағым туындаған жағдайда, азамат адвокаттар алқасының Президиумына шағыммен жүгіне алады. Адвокаттар алқасының Президиумы Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңымен белгіленген мерзімде шағымда көрсетілген фактілерді тексеріп, нәтижелері бойынша жауабын беруі тиіс.

Егер адвокат өз кәсіби міндеттерін орындау кезінде Қазақстан Республикасының заң талаптары мен нормаларын бұзса, ол тәртіптік жауапкершілікке, соның ішінде адвокаттар алқасынан шығарылып, лицензиясынан айыруға дейін тартылуы мүмкін.

СҰРАҚ №127:

ГАИ бекетінің жанынан өтіп, Құлжын тас жолымен қозғалысты жалғастырдым. Күтпеген жерден мені ГАИ көлігі қуып жетіп, бордюрге тақап тоқтатты. Полиция қызметкері көліктен түсіп, маған оның талабына тоқтамағанымды айтты. Алайда менің жолымды бөгеп, ысқырып немесе қандай да бір басқа жолмен назарымды аударғанын көрген жоқпын. Менің қарсылықтарыма ГАИ инспекторлары бағынбағаным үшін Полиция басқармасына жеткіземіз деп қорқытты. Осындай жағдайда өз құқығымды қалай қорғап, кінәлі еместігімді дәлелдей аламын?

ЖАУАП:

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 10-бабына сәйкес, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған тұлға оның кінәсі осы Кодексте белгіленген тәртіппен дәлелденіп, іс қараған судья, орган (лауазымды тұлға) заңды күшіне енген қаулы шығарғанға дейін кінәсіз деп есептеледі.

Сіз өзіңіздің кінәсіздігіңізді дәлелдеуге міндетті емессіз. Кінәлілікке қатысты кез келген күмән сіздің пайдаңызға қарастырылады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманы қолдану барысында туындаған күмәндар да сіздің пайдаңызға шешілуі тиіс. Сіздің жағдайыңызда өз ұстанымыңызды нық әрі дәйекті түрде қорғау қажет.


СҰРАҚ №128:

Маусым айында менің жүргізуші куәлігімді жол қозғалысы ережелерін бұзу, яғни қарсы қозғалыс жолағына шығып кету себебімен тәркілеп алды. Бүгінгі күнге дейін мен өз ісімнің қалай қаралып жатқанын білмеймін, себебі әкімшілік сотқа шақырту алған жоқпын. Екі айдан астам уақыт өтті. Достарымның айтуынша, сот менің қатысуымсыз да қаралуы мүмкін екен. Бұл рас па? Мен ешқайда жасырынған жоқпын, сотқа шақырту күтіп жүрдім. Осы мәселе бойынша кеңес беріңізші. Мұнда сот процедурасы бұзылған болуы мүмкін бе және жүргізуші куәлігімді қайтарып алу мүмкіндігім бар ма?



СҰРАҚ №129:


Көлік құралын мас күйіндегі адамға, оның мас екенін білмей беру. Айыппұлмен ғана шектелуге бола ма, жүргізуші куәлігінен айырылмай?





ЖАУАП:


ӘҚБТК-нің 608-бабы 1-бөлігіне сәйкес, көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі жүргізушінің басқаруы, сондай-ақ көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі адамға басқаруға беру он бес тәулікке әкімшілік қамаққа алуға және жеті жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.





СҰРАҚ №130:

Кәсіпорында бейнебақылау енгізудің заңдылығы туралы 26.09.01 ж. № 1247 Үкімет қаулысын қайдан табуға болады?



ЖАУАП:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 қыркүйектегі № 1247 қаулысы «Арнайы жедел-ізвестіру шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды, сондай-ақ оларды өндіруге арналған арнайы материалдар мен жабдықтарды Қазақстан Республикасына әкелу, әкету, өткізу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы» 2007 жылғы 23 маусымдағы № 528 Үкімет қаулысына сәйкес күшін жойған.